

**Нұсқаулық-әдістемелік кеңес:  
"Ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру,  
білім беру сапасын арттыру факторы ретінде"  
26.08.2021 жыл**

**Катысқаны: барлығы  
Катыспағаны:**

1. 2020-2021 оқу жылының сараптамалық есебі
2. Мектептің 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын және элективті курсардың, үйірмелердің, секциялардың бағдарламаларын бекіту.
3. Педагогтерді ұлттық біліктілік тестілеуіндегі өзгерістерімен таныстыру. Аттестатталушы мұғалімдердің тізімін жасау.

**Құн тәртібінде:**

Бірінші сұрақ бойынша, мектеп директорының ФЭЖ жөніндегі орынбасары Абишева Ф.Т. сөз сөйлемді. Оның анықтамаларында мектептің әдістемелік кеңесінің 2020-2021 оқу жылындағы қызметінің нәтижелері баяндалды. (есеп қоса беріледі).

Жұмысты талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:

- педагогтердің әдістемелік даярлығын арттыруға көмек көрсету;
- педагогтар мен білім алушылардың шығармашылық әлеуетін арттыру;
- мектепте тәрбие-білім беру процесін жетілдіру;
- дарынды балалармен жұмысты жақсарту;
- жобалау қызметімен жұмысты жалғастыру;
- аудан және облыс деңгейінде педагогтердің тәжірибесін тарату.

Екінші мәселе бойынша директордың ФЭЖ жөніндегі орынбасары Абишева Ф.Т. сөз сөйлемді. Мектептің әдістемелік кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырыды. Сонымен қатар, директордың оку ісі жөніндегі орынбасарлары М.Б. Махметова мен Н.Э. Томкова элективті курсардың оқу бағдарламаларымен және бағдарламаларымен таныстырыды. Бұдан әрі директордың ТІ жөніндегі орынбасары А.А. Найманбаева үйірмелер мен секциялардың бағдарламаларымен таныстырыды.

Үшінші мәселе бойынша директордың ФЭЖ жөніндегі орынбасары Абишева Ф.Т. сөз сөйлемді. Ол педагогтердің біліктілігін арттыру тестілеуінің өтуінің жаңа ережелерімен таныстырыды және 2021-2022 оқу жылына аттестатталушы мұғалімдердің тізімімен таныстырыды.

**Шешім:**

- 1.Мектептің әдістемелік кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
- 2.Пән мұғалімдеріне әлективті курстар, үйірмелер мен секциялар бойынша күнтізбелік жоспарды тапсыру және бекіту.
- 3.Аттестаттаушы мұғалімдер тестілеуге дайындықтарын қүшейтсін.

Жалтыр ауылдының ЖОББМ»КММ  
Орта білім беру үйымдарына арналған ғылыми-әдістемелік кеңес  
хаттамасы №1  
2021 жылғы "0" жаркыншы

Қатысқандар: Барлығы

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. "Мектеп оқулықтары беттерінен тыс" әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарын қарau.
2. Оку пәндері мен курсары бойынша жұмыс бағдарламаларын қарau.
3. 2021-2022 оку жылына арналған мектептің педагог кадрларының біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын жасау.
4. 2021-2022 оку жылында педагогикалық кадрлардың әдістемелік тақырыптар мен педагогикалық проблемалар бойынша өз бетінше білім алу жұмысын үйымдастыру, мектептің педагогикалық проблемасына сәйкес келтіру
5. Тәлімгерліктің әдістемесі (мақсатты моделі). Әдістемелік ұсынымдарды зерделеу.

Отырыс барысы

1. Тындалды: Күн тәртібі бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарлары қаралды. Бастауыш сынып ӘБ жетекшісі Караповская Л.Н.; Математика-жаратылыстану бағыты әдістемелік жетекшісі Оспанова С.К.; гуманитарлық бағыт бойынша ӘБ жетекші Хасенова А.А.; дene шынықтыру және спорт ӘБ жетекшісі Минуллина А.Ф. өз бірлестіктері бойынша жұмыс жоспарларымен таныстырыды.
2. Екінші мәселе бойынша оку пәндері мен курсары бойынша жұмыс бағдарламалары қаралды. Оку ісі менгерушісі Махметова М.Б. бағдарлама мақсаттарымен таныстырып өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша 2021-2022 оку жылында педагогикалық кадрлардың әдістемелік тақырыптар мен педагогикалық проблемалар бойынша өз бетінше білім алу жұмысын үйымдастыру, мектептің педагогикалық проблемасына сәйкес келтіру жайында ҒӘЖ Абишева Ф.Т. сөз сөйлемеді.
4. Мектептегі тәлімгерлік-бұл жас мамандармен жеке жұмыс жасаудың бір түрі. Тәлімгер-жоғары кәсіби және адамгершілік қасиеттерге, оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі саласындағы білімге ие тәжірибелі педагог. Жас маман орта арнаулы немесе жоғары білім алған және үлестіру бойынша жұмысқа жіберілген түлек. Мектептегі тәлімгерлік тәжірибелі педагогтың жас маманның педагогикалық қызметті жүргізуіндің қажетті дағдыларын дамыту бойынша жүйелі

жеке жұмысын көздейді. Тәлімгер жұмысының тиімділігін бағалаудың көрсеткіші жас педагогтың тәлімгерлік кезеңінде мақсаттар мен міндеттерді орындауы болып табылады. Тәлімгер жас

5. маманмен жұмыс бойынша оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен перспективалық жоспарын әзірлейді, жоспар құруда әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Тәлімгерліктің әдістемесі (мақсатты моделі) презентация түрінде көрсетілді.
6. Жас мамандар Янченко Анастасия Станиславовна, Серікбай Г.С.; Абильдин А.Ж.-ке мектептің тәжірибелі мұғалімдері Картабаева Б.К. Найманбаева А.А., Нығмет А. тәлімгер болып бекітілді.

2. Сөз сөйлегендер: Абишева Ф.Т.

«2021-2022 оқу жылында педагогикалық кадрлардың әдістемелік тақырыптар мен педагогикалық проблемалар бойынша өз бетінше білім алу жұмысын үйімдастыру, мектептің педагогикалық проблемасына сәйкес келтіру керек.»

Картабаева Б.К.: «Мектептегі тәлімгерлік-бұл жас мамандармен жеке жұмыс жасаудың бір түрі. Тәлімгер-жоғары кәсіби және адамгершілік қасиеттерге, оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі саласындағы білімге ие тәжірибелі педагог. Жас маман орта арнаулы немесе жоғары білім алған және үлестіру бойынша жұмысқа жіберілген түлек. Мектептегі тәлімгерлік тәжірибелі педагогтың жас маманның педагогикалық қызметті жүргізуіндің қажетті дағдыларын дамыту бойынша жүйелі жеке жұмысын көздейді.»

3. Шешім:

1. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарларын бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. Оқу пәндері мен курсары бойынша жұмыс бағдарламаларын бекітілсін.
3. Педагикалық кадрлардың әдістемелік тақырыптар мен педагогикалық проблемалар бойынша өз бетінше білім алу жұмысын үйімдастырылсын.
4. Тәлімгерліктің әдістемесі ұстанып жасмамандарға тәлімгерлер тараپынан жан-жақты қолдау жасалсын.

*Картабаева Б.К.*

## Жалтыр ауылшының ЖОББМ»КММ

### Ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы №2

2021 жылғы "15" қараша

Қатысқандар: Барлығы

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Дарынды балалармен жұмыс.
2. ШФК-дағы жұмыс шенберінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыбын бекіту.
3. 1 сынып оқушыларының бейімделуі
4. Білім беру процесінде "Daryn онлайн" білім беру платформасын пайдалану, "Billimland.kz", "Learnings.app".
5. Бірінші жартыжылдықтағы БЖБ және ТЖБ кестелерін жасау және бекіту.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша «Дарынды балалармен жұмыс» жоспары қаралды. Эр пән мұғалімі өздерінің қандай дарынды балалармен жұмыс істейтінін айтып, жұмыс жоспарларымен таныстыруды.

Екінші мәселе бойынша Ғылыми-әдістемелік жетекшілері Абишева Ф.Т. мен Картабаева Б.К. ШФК-дағы жұмыс шенберінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын атап шықты.

Үшінші мәселе бойынша 1 сынып оқушыларының бейімделуі жайында сынып жетекшісі Семья М.тындалды. «**1 «А» сыныбына 10 оқушы** келді. бікіз, 4 ұл бала. Қыркүйек айының басында **оқушылардың** оқу машиның тексеру барысында **10 оқушының** ішінде **3 оқушы** еркін оқи алатыны, **6 оқушы** буынданап оқитыны және **1 оқушы** оқымайтыны анық болды. Сынып даярлық тобынан жақсы дайындықпен келді. 1 сыныпқа жақсы бейімделіп, мектеп өміріне төсөліп келеді. Сабактан жиі қалатын оқушы Балауса есімді қызы бала, өзі еркелеу, апасымен тұрады. Жиі ауырып қалады. Апасымен жеке кездесіп сөйлесіп тұрамын. Келешекте жеке жұмыстар жүргізу керек деп ойлаймын.»

Отырыстың төртінші мәселесі бойынша білім беру процесінде "Daryn онлайн", "Billimland.kz", "Learnings.app" білім беру платформасын пайдалану білім беру процесін қарқыннататыны туралы оқу ісі менгерушісі Махметова М.Б. айтып өтті. Сонымен қатар «**Білім беру** әдісінің бен оқушылардың бағалаудың сәйкес ұстаздардың арасында рейтинг жүйесі жұмыс істейді. Ең жоғарғы рейтинг – ең жоғарғы табыс. Бос уақытыңызды табысты **пайдаланыңыз**. Сіз платформага кез келген жерде, кез келген уақытта кіріп, **онлайн** режимде сабак берген әр минутыңыз үшін ақы ала

аласыз. Қағазбастылықтан арылышыз. Бұл **платформада** сізге үй жұмысын тексеріп, журнал толтырып, есеп қағазын өткізуудің қажеті жоқ. ... **Daryn Teacher** қалай жұмыс істейді? Оқыту процессі. **Онлайн платформада** сізге оқушылар өздерінің сұрақтары бойынша хабарласатын болады. Сіз оның кім және қандай тақырып бойынша хабарласып тұрғанын көре аласыз».

Бесінші мәселе бойынша оқуісі менгерушілері ән мұғалімдерінің бірінші жартыжылдықтағы БЖБ және ТЖБ кестелерін жасалғанын айтты. Кейбір мұғалімдер ТЖБ-ны тоқсанның соңғы күніне қойғандығын айттып, тоқсанның соңғы күніне қоюға болмайтындығы ескертілді.

#### Шешім:

1. Дарынды балалармен жұмыс жоспары бойынша жұмыс істеу.
2. ШФК-дағы жұмыс шенберінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыбын бекітілсін.
3. 1 сынып оқушыларының бейімделуін бақылауды жалғастырылсын.
4. Мектеп оқушылары мен мұғалімдер білім беру процесінде "Daryn онлайн", "Billimland.kz", "Learnings.app» білім беру платформасын пайдалансын.
5. Бірінші жартыжылдықтағы БЖБ және ТЖБ кесте бойынша өткізілсін.

*Көрткесе б. Қорын*

**Жалтыр ауылдының ЖОББМ»КММ  
Орта білім беру үйымдарына арналған  
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы №3**  
21.11.2021 жылғы

Қатысқандар:37  
Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Республикалық мектепішілік олимпиадасының 1 турын өткізу.
2. Пәндік олимпиадалардың мектеп турының нәтижелерін талдау. Мектеп пәндік олимпиадаларына дайындық жүйесі.
3. 5-сыныпты өткізу қорытындысы және сабактастық мәселелерін талқылау.
4. Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысын үйымдастыру (тәлімгерлердің жас мамандармен жұмыс жоспары)
5. 1-ші тоқсандағы оқу үрдісінің мониторинг қорытындысы.

**Отырыс барысы**

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша Республикалық мектепішілік олимпиадасының 22-23 қараша күндері өткізу туралы FӘB жетекшілері сөйледі. 22 қараша күні жаратылыстану-математикалық бағыты, 23 қараша гуманитарлық пәндер бойынша өткізіледі. Пән мұғалімдері олимпиадалық материалдармен олимпиадага қатысатын оқушылардың тізімін тапсыру туралы ескертілді.

Екінші мәселе бойынша мектеп пәндік олимпиадаларына дайындық жүйесі, пәндік олимпиадалардың мектеп турының нәтижелерін талдау нәтижелері тыңдалды.

Үшінші мәселе бойынша 5-сыныпты өткізу қорытындысы бойынша жалпы сыныптық бақылау қорытындысы талқыланды. Сынып жетекшілері сыныпқа мінездеме беріп, оқушылардың ұжымдағы қарым-қатынасы, окудағы үлгерімдері туралы мәлімет берілді. Мектеп психологи Омарбекова С.Б. 5 сынып оқушылармен жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырыды. Оку ісінің менгерушілері Махметова М.Б. мен Томкова Н.Э. жалпы сыныптық бақылау қорытындысымен таныстырыды. Қорытынды бойынша 5 сыныптың оқу-тәрбиелік жағдайы қанағаттанарлық деп танылды. Сонымен қатар пән мұғалімдері сабактастық мәселелерін талқылады.

Соңғы мәселе бойынша тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысын үйымдастыру (тәлімгерлердің жас мамандармен жұмыс жоспары) туралы тәлімгерлер Карtabаева Б.К.; Найманбаева А.А.; Нығмет А. жас мамандармен жүргізілген жұмыс нәтижелерімен танысты.

Шешім :

1. Мектепішілік пәндік олимпиадаға қатысатын оқушылардың тізімі мен материалдар тапсырылсын.
2. Пән мұғалімдері оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізсін.
3. 5 сынып пән мұғалімдері оқушылармен қалыптастыруши бағалау жұмыстарын түрлендірсін.
4. Тәлімгерлер жас мамандармен жұмыстарын жалғастырсын.
5. Пән мұғалімдері білім сапасын арттыруға жұмыстар жүргізсін.

Хатшы: *Картабаева Б.К.*

Жалтыр ауылының ЖОББМ»КММ  
**Орта білім беру үйымдарына арналған ғылыми-әдістемелік кеңес**  
**хаттамасы №4**

26 желтоқсан 2021 жылғы

Қатысқандар:37

Қатыспағандар:0

**Күн тәртібінде:**

1. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің жарияланымдарын талқылау.
2. 6-сыныпты өткізу қорытындысы.
3. Оқушылар қызметінің нәтижелерін талдау (олимпиадаларға, конкурстарға қатысу және т.б.)
4. ҰБТ-ға дайындық
5. Педагогтардың санатын және еңбек өтілін санау туралы комиссия құру.

Отырыс барысы

**Тыңдалды:**

1 мәселе бойынша «Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің жарияланымдарын талқылау» Байғанат Р. 2021 жылы облыстық on-line режимінде үйымдастырылған семинарда «Креативті тапсырмалар арқылы оқушылардың математикалық модельдеу қабілетін дамыту» тақырыбы бойынша тәжірибесімен бөлісті (**Сертификат, 25.11.2021 «Өрлеу»**) Қарағанды облысы ;2021 жылы облыстық on-line режимінде үйымдастырылған семинарда «Жаңартылған білім беру жүйесі бойынша математиканы оқытуудың және білім алушыларды креативті ойлауға баулудың тиімді жолдары» тақырыбы бойынша авторлық жұмысымен бөлісті (**Күәлік, 02.11.2021**) Ақмола облысы, Көкшетау қаласы;2021 жылы Республикалық on-line режимінде үйымдастырылған «Саналы оқу математикалық сауаттылықты дамытуудың негізі ретінде» атты вебинарга қатысып, «Жаңартылған білім беру жүйесі бойынша математиканы оқытуудың және білім алушыларды креативті ойлауға баулудың тиімді жолдары» тақырыбы бойынша мастер-класс жүргізді (**Алғыс хат, 28.10.2021 «Өрлеу»**) Қарағанды қ.;2021 жылы Республикалық on-line режимінде үйымдастырылған «Оқу үдерісін үйымдастырудың тиімді тәсілдерді қолдану мен даярлау сапасын арттыру шарты ретінде: үздік білім беру тәжірибесі - уақыт талабы» атты форумға белсене қатысып, «Оқыту сапасын, оқыту мен білім беру практикасының тиімділігін арттыру» тақырыбы бойынша оқушылардың білім сапасын арттыруға негізделген озық тәжірибесімен бөлісті (**Алғыс хат**)

Семья М. Өзінің оқушысы Нәзірханқызы Ләйләмен жүргізген ғылыми жұмысының «Жас дарын» журналында жарияланды. Сонымен қатар «Ustaz

tilegi» Республикалық ғылыми-әдістемелік сайтында «Өзін-өзі тану» пәнінен 4 сынып бойынша «Қуаныш-жан шуағы» оқу-әдістемелік материалы мен «Әрлеу» біліктілікті арттыру үлттық орталығы» «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Желілік басылым» Халықаралық электронды ғылыми-практикалық журналында «Education Alem» практикалық әзірлемелер жариялады.

Екінші мәселе бойынша 6-сыныптың жалпы сыйыптық бақылау қорытындысы талқыланды. Сынып жетекшілері сыйыпқа мінездеме беріп, окушылардың ұжымдағы қарым-қатынасы, окудағы үлгерімдері туралы мәлімет берілді. Мектеп психологи Омарбекова С.Б. 6 сынып окушыларымен жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырыды. Оқу ісінің менгерушілері Махметова М.Б. мен Томкова Н.Э. жалпы сыйыптық бақылау қорытындысымен таныстырыды. Қорытынды бойынша 6 сыйыптың оқу-тәрбиелік жағдайы қанағаттанарлық деп танылды. Пән мұғалімдеріне білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу, үлгермеушілікті жою бойынша түзету бағдарламасын әзірлеу ұсынылды (Баймурзинов Б.; Сериков Д.).

Үшінші мәселе бойынша окушылар қызметінің нәтижелерін талдау (олимпиадаларға, конкурстарға қатысу және т.б.) Бойынша Абишева Ф.Т. мен Картабаева Б.К. мәлімет берді. Анықтама (қоса берілді). Мектепішілік олимпиада қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға 8 окушы жіберілді.

Төртінші мәселе бойынша 11 сыйыптың пән мұғалімдері окушылармен ҰБТ-ға дайындық жұмыстары туралы бөлісті. Сынып жетекшілері окушылардың онлайн тест тапсырмаларын орындалғанда жүргізіп жатқандарын айтты.

Бесінші мәселе бойынша Абишева Ф.Т. педагогтардың санатын және еңбек өтілін санау үшін комиссия мүшелерін тағайындауды сұрады. Комиссия құрамына кәсіподақ ұйымының төрайымы Билялова Р.Ж., мектеп директоры Серикбаева А.У., Махметова М.М., Абишева Ф.Т., Картабаева Б.К. тағайындалды.

Шешім :

1. Мұғалімдерді шығармашылықпен жұмыс істеуге және жұмыстарын БАҚ көздерінде жариялау .
2. Пән мұғалімдеріне білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу, үлгермеушілікті жою бойынша түзету бағдарламасын әзірлеу ұсынылды.
3. Аудандық олимпиадаға жіберілген окушыларды дайындау.

*Картабаева Б.К.*

Жалтыр ауылдының ЖОББМ»КММ  
**Орта білім беру үйымдарына арналған ғылыми-әдістемелік кеңес**  
**хаттамасы №5**

Қантар 05 2022 жылғы

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың аудандық олимпиадаға қатысуының қорытындысы.
2. Мектептің жұмыс тәжірибесін әртүрлі деңгейлерде тарату үшін жағдай жасау бойынша жұмыс.
3. Негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы ӘБ қызметі.

### Отырыс барысы

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша оқушылардың аудандық олимпиадаға қатысуының қорытындысы бойынша ФӘЖ Абишева Ф.Т. сөөйледі. Метеп бойынша аудандық олимпиадаға қатысқа оқушылардан 3 оқушы жүлделі орынға ие болды. 11 «Б» сынып оқушысы Батталов А. география пәнінен 3-орын, жетекшісі Дюсебеков К.С; тарих пәнінен 10 «А» сынып оқушысы Абдрашев А. -3 орын, жетекшісі Махметова М.Б.; ағылшын тілінен 10 «А» сынып оқушысы Тюлекеев Да. -3 орын, жетекшісі Науменко Т.И.

Екінші мәселе бойынша мектептің жұмыс тәжірибесін әртүрлі деңгейлерде тарату үшін жағдай жасау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқаны жөнінде мұғалімдер өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. Байғанат Р.: «**2019 жылы 8 сынып «Алгебра» оқулығы бойынша «Шешімдер жинағы» жарық көрді** авторы: Ризагүл Байғанатқызы және басқалар, «Келешек» баспасы-2019 жыл

**2019 облыстық деңгейде** авторлық бағдарлама (электрондық оқулық: 11-сынып математикадан қолданбалы курс «Есеп шығару жолдары») қорғалып, облыстық білім басқармасының сайтында тіркелді. **2020 жылы** Республикалық on-line режимінде үйымдастырылған «Жаңартылған білім беру мазмұнының негізін құрайтын педагогикалық тәсілдер мен әдістерді тиімді пайдалану» тақырыбындағы семинарға белсene қатысып, педагогикалық шеберлікті жетілдірудегі озық тәжірибесімен бөлістім. **2021 жылы** облыстық on-line режимінде үйымдастырылған семинарда «Креативті тапсырмалар арқылы оқушылардың математикалық модельдеу қабілетін дамыту» тақырыбы бойынша тәжірибесімен бөлістім.»

Үшінші мәселе бойынша негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы ӘБ қызметі жайында ӘБ жетекшілері сөйлемді. Оспанова С.К.: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында әр мұғалім оқушылармен жұмыс атқарып жүр. Атқарылған жұмыстар жемісті блу үшін жұмысты жүйелі жүргізу керек.»

Шешім қабылданды:

1. Оқушыларды аудандық олимпиадаға жүйелі дайындықпен дайындау.
2. Мектептің жұмыс тәжірибесін әртүрлі деңгейлерде тарату үшін жағдай жасау бойынша әр мұғалім жұмыстар жүргізу.
3. Негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында ӘБ жұмыстар ұйымдастыру.

*Карташева Б.Р.*

**Жалтыр ауылшының ЖОББМ»КММ  
Орта білім беру ұйымдарына арналған  
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы №7  
2022 жыл 25 сәуір**

Қатысқандар:барлығы  
Қатыспағандар:жоқ

Күн тәртібінде:

1. "Дарынды балалар" бағдарламасын жүзеге асыру
2. Пәндік апталарды дайындау және өткізу сапасы туралы.
3. Сабакта білім алушылардың танымдық қызметін басқару түлектерді мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға тиімді дайындау құралы ретінде.

### **Отырыс барысы**

#### **Тындалды:**

1 мәселе бойынша "Дарынды балалар" бағдарламасын жүзеге асыру туралы ФӘЖ Абишева Ф.Т. сөйлемді. Мектеп бойынша дарынды балалармен жұмыс жүргізіліп жатыр. Окушылардың әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері

Окушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында пәндер бойынша олимпиаданың мектеп кезеңін өткізу ұйымдастырылды. Оған 8-11 сынып окушылары қатысты. Мектеп олимпиадасының женімпаздары мен жүлдегерлерінен аудандық олимпиадаға қатысу үшін команда құрылды.

Респубикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңіне 8 окушы қатысты. 3 окушы жүлделі орындарға ие болды. Батталов А.-Қазақстан тарихы-3 орын, Абдрашев А.-Қазақстан тарихы-3 орын, Тюлекеев Д. ағылшын тілі-3 орын. 5-6 сынып окушыларына арналған "Дарын" респубикалық олимпиадасының мектеп турына 16 мектеп оқушысы қатысты. Аудандық турға 6 окушы қатысты:

- 6 А Нығмет Д.-математика 1 орын
- 5 Абайбулова З-математика 2 орын
- 6 А Калиева Э-математика 2 орын
- 6 А Серікпаева А. - қаз.яз 2 орын
- 5 А Назирханқызы Л-каз.Тарих 2 орын

Біздің мектептің бір оқушысы облыстық турға қатысты. Бұл Нығмет Рұстем-6 А Математика Сыныбы. Облыстық турда 1 орын алды. Ол респубикалық турдың қатысушысы, қатысқаны үшін грамотамен маралатталған.

Аудандық "Юниор" олимпиадасында жаратылыстану - математикалық пәндер бойынша 7-8 сынып окушылары үшін С.Бейсов химия пәнінен 3 орын алды.

Ауыл мектептерінің 8 сынып оқушылары үшін IQanat олимпиадасы өтті. Оған орыс тілінде оқытатын 5 оқушы қатысты. 2 оқушы екінші турға А. Оспанова мен А. Тымицкий өтті.

"Алтын сақа" 5-6 сынып оқушыларына арналған математикалық олимпиадаға мектеп оқушылары қатысты. Аудандық кезеңге Байбулова Зере өтті-80 балл; Кабдрахманова Анель-80 балл. 5" Б" Құсайынова Айсұлу -80 балл; Исаичев Никита -80 балл; Зубарев Александр -80 балл; Бояльская Алена -80 балл. 6" А" Нығмет Дастан - 75 балл; Қалиева Эльмира-75 балл. Облыстық кезеңге Нығмет Дастан, Байбулова Зеренің 2 оқушысы өтті. "Кенгуру - математика барлығы үшін" атты интеллектуалды сайыста 31 жүлделі орынға ие болды. 3 орын - 21 оқушы, 2 орын-8, 1 орын -2. 4 қатысушы сертификаты.

"Дарын" олимпиадасы қаз.тіл "Тіл-мемлекет тәуелсіздігінің символы" 8 сынып Потлов Д – 3 орын, Никитина К-3 орын, 5 сынып Сабитов Н. -2 орын, Дукарт -3 орын, 7 сынып Филиппович Ю. - 3 орын, Мочиев М., Шкура с. қатысушы сертификаты.

Балтабек Жандос-қатысушы сертификаты

Ақмола облысының білім басқармасы жаңындағы облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы "Tabifat-өмір көзі" облыстық экологиялық олимпиадасы.

Сондай-ақ, "Русский медвеженок" байқауына:

Сейілова Ясина-3 орын, Амангелді Іңкәр-2 орын.

2" А "сынып оқушысы Аңсар Нұрпейісов I Республикалық "AIGYN" олимпиадасына қатысты, 2 орын, Сейілова Ясина - 1 орын. (Дейін)

### Конкурстарға қатысу

Жаксылышкова Д 10" А "сынып оқушысы облыстық эссе байқауында 1 орын алды (сыйайлас жемқорлықта қарсы курес)

Аудандық "Батыр жыры-тәрбие оқыры" мәнерлеп оку сайысында 10" А "сынып оқушысы Абдрашев Алдияр 3 орынға ие болды .

Аудандық "Абай оқулары" байқауында "Ән-көңілдің ажары" номинациясында Қанағатқызы Е.-3 орын алды.

9" Б "сынып оқушысы Рысколова Д. "Менің отбасым – Қазақстанның байлығы" атты эссе байқауына қатысты.

"Білім еліне саяхат" республикалық онлайн байқауы 1 орын Амангелді М. "Қол бұйымдарын дайындау" номинациясы бойынша 1 орын Тилеген К. 2 Ергалым Е өлең оку" номинациясы бойынша, Киргизбаева М. 1 орын" сурет салу" номинациясы бойынша, Мурзабекова М. 1 орын"Вокал"номинациясы бойынша.

Аудандық "ECO PROJECT "экологиялық байқауына біздің балалар белсенді қатысты. "Үздік плакат" номинациясында К. Тилеген 1 орын; "Эко бизнес" номинациясында 11 "А" сыныбының білім алушылары 2 орын; "REUSE" номинациясында 6 "Б" сыныбының білім алушылары 2 орын алды. Сондай-ақ, "Үздік плакат " номинациясына қатысушылар Габдуллина Амина, Каратовская Елизавета, Киргизбаева Малика, Амангелді Іңкәр сертификаттармен марарапатталды.

Женістің 77 жылдығына арналған аудандық сәндік - қолданбалы өнер байқауы Никитина К - 2 орын. "Мен табиғатты танимын" облыстық байқауы - облыстық кезеңге қатысушы сертификатының аудандық кезеңінде 1 орын. "Мен табиғатты танимын" - аудандық кезеңде 1 орын, обл. 2 орын Бигожина Л.

"Тәуелсіз Қазақстан "республикалық балалар және жасөспірімдер өнері байқауының" Көркем сөз "номинациясы бойынша II орын жүлдегері Сиитова Зере. Облыстық "Уақыт - байланыстырушы" конкурсының аудандық кезеңі "Үздік мұражай экскурсоводы" номинациясында Назирхаекзы Л. - 2 орын.

Екінші мәселе бойынша мектепте пәндік апталарды дайындау және өткізу сапасы туралы Найманбаева А.А. сөйледі. Пән апталықтарының мақсаты оқушыларға сабакта және сабактан тыс қосымша білім берे отырып, олардың білімге деген қызығушылықтарын арттырып, ізденістері мен танымдарын қалыптастыру, өз беттерінше шығармашылық жұмыстарын үйімдастыру қабілеттерін дамыту болды. Биылғы пән апталықтары жоспар бойынша өткізілді. Эр пән апталақтарының ашылуы, қорытындысы жасалды. Әкімшілік тараپынан апталықтар әртүрлі болып, жаңаша үйімдастырылса деген ұсыныс айтылды.

Үшінші мәселе бойынша сабакта білім алушылардың танымдық қызметін басқару түлектерді мемлекеттік (қорытынды) атtestatтауға тиімді дайындау құралы ретінде қалай қолдануға болатыны жайында Махметова М.Б. айтып өтті. 11сынып бітірушілердің қорытынды атtestatтауы төмендегі пәндер бойынша өткізіледі:

- 1) ана тілі мен әдебиет (оку тілі) бойынша эссе түрінде өткізіletіn жазбаша емтихан;
- 2) «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша жазбаша емтихан;
- 3) Қазақстан тарихы пәні бойынша ауызша емтихан;
- 4) орыс тілдеріндегі мектептерде қазақ тілі бойынша, қазақ тіліндегі мектептерде орыс тілі бойынша тестілеу;
- 5) таңдау пәні бойынша тестілеу (физика, химия, биология, география, геометрия).

#### Шешім:

1. "Дарынды балалар" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жүргізу.
2. Пәндік апталарды дайындау және өткізу сапасын жақсарту (түрлендіру)
3. Түлектерді мемлекеттік (қорытынды) атtestatтауға тиімді дайындау құралы ретінде білім алушылардың танымдық қызметін басқару жұмыстарын жүргізу.

Хатшы: *М.Б. Назирхаекзы*

**Жалтыр ауылдының ЖОББМ»КММ  
Орта білім беру үйымдарына арналған  
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы №8**

2022 жыл 30 мамыр

Қатысқандар:барлығы  
Қатыспағандар:жоқ

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылындағы оқу бағдарламаларының орындалуын талдау. Жыл ішіндегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың қорытындылары.
2. Жыл ішіндегі әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыру туралы есеп.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарының жобасын талқылау.

**Отырыс барысы**

**Тындалды:**

1 мәселе бойынша оқу жылындағы оқу бағдарламаларының орындалуын талдау жайында ӘБ жетекшілері Оспанова С.К.; Каратовская Л.Н.; Миннұллина А.Ф.; Науменко Т.И. сөйлемді.Әр бірлестіктің пән мұғалімдері оқу бағдарламаларының орындалуы туралы мәлімет бергенін,оқу бағдарламалары толығымен орындалғанын айттып өтті. Жыл ішіндегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың қорытындылары жайында ҒӘБ жетекшісі Абишева Ф.Т. слайд бойынша түсіндіріп,қорытындылап кетті.

Екінші мәселе бойынша жыл ішіндегі әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыру туралы есеп айтылды.

Негізгі және орта мектептің педагогикалық ұжымының сапалық құрамын талдау мұғалімдердің кәсіби деңгейінің тұрақты екенін көрсетті. Бірақ мектептің әдістемелік жұмысындағы жағымды сәттермен бірге 2021-2022 оқу жылында ерекше назар аудару қажет проблемалар бар.Мектептегі жобалау-зерттеу қызметі бойынша жұмыс тиісті деңгейде жүріп жатқан жоқ, мұғалімдер эксперименттік жұмысқа қатыспайды, жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша олимпиадалардың нәтижелері жоқ.

Егер мұғалімдердің өздері жоғары кәсіби жетістіктерге жетуге бағытталмаса, мектеп жетістікке жетуі мүмкін емес. Жетістікке бағытталған мұғалім оқушыларға үлгі болып табылады және оның жұмыс әдістерінің өміршендігінің дәлелі болып табылады. Сондықтан мектептің міндеті-мұғалімдердің жұмысқа деген оң көзқарасын нығайтуға, оқу орнын дамытуға қажетті өзгерістер енгізуға, олардың психологиялық, педагогикалық және пәндік құзыреттіліктерін жетілдіруге деген ұмтылышын қолдауға ықпал ететін мотивациялық ортаны сақтау.

Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарында аталған мәселелерге назар аудару және қамту.

1. Педагогтердің кәсіби деңгейінің өсуін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру.
2. Педагогтарды кәсіби конкурстарға қатысуға тарту.
3. Дарынды балалармен жұмысты тиісті деңгейге қою.
4. Жаңа білім беру технологияларын менгеру бойынша мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
5. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесін анықтап, қорытындылап, таратуды жалғастыру.
6. ӘК отырыстарын өткізу нысандарын түрлендіру (дөңгелек үстел, шығармашылық есеп, іскерлік ойындар, семинар-практикумдар).

Үшінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары жобасы талқыланды.

Мектептегі әдістемелік жұмыстың өзекті мәселесі: Оқытудың өзекті мәселелерін мұғалімдердің педагогикалық қоғамдастырында бірлесе отырып талқылап, шешімдерін табу, оқыту. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары бойынша жоспармен таныстырылды.

Шешім:

1. Жыл ішіндегі ғылыми-әдістемелік жұмыс қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыру мақсатында жұмыстар жалғастырылсын.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін.

Хатшы